

XIX ҒАСЫРДАҒЫ ОРЫС ЗЕРТТЕУШІЛЕРІНІҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ БАТЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАРИХИ ГЕОГРАФИЯСЫ Өңірлік ТАРИХИ ТАНЫМ КОНТЕКСІНДЕ

Сайранова Мөлдір Сайранқызы

sairanova16@mail.ru

7M01601 – «Тарих» білім бағдарламасының 2 курс магистранты
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, т.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент) – Аман Ә. Б.

XIX ғасырдағы орыс зерттеушілерінің еңбектері Батыс Қазақстан өңірінің тарихи географиясын танып-білуде маңызды дереккөздер қатарына жатады. Бұл еңбектерде өңірдің табиғи-географиялық жағдайы, әкімшілік-аумақтық бөлінісі, қоныстану жүйесі, халықтың шаруашылығы және ру-тайпалық құрамы өзара байланыста сипатталып, аймақтың тарихи кеңістігі туралы кешенді түсінік қалыптастырады. Сондықтан мұндай еңбектердің маңызы тек нақты тарихи мәлімет беруімен ғана шектелмейді, сонымен бірге Батыс Қазақстанның өңірлік тарихи танымын тереңдететін ғылыми негіздердің бірі ретінде де көрінеді.

Қазіргі гуманитарлық зерттеулерде тарихи кеңістік оқиғалар өткен аумақ ретінде ғана емес, әлеуметтік қатынастар, шаруашылық тәжірибе, этникалық құрылым және тарихи жад тоғысқан күрделі орта ретінде қарастырылады. Осы тұрғыдан алғанда, XIX ғасырдағы орыс зерттеушілерінің еңбектеріндегі Батыс Қазақстанның тарихи географиялық сипаттамалары өңірдің өткенін кеңістік арқылы пайымдауға, оның тарихи болмысын неғұрлым тұтас түсіндіруге мүмкіндік береді. Әсіресе әкімшілік құрылым, көш жолдары, жайылымдық аумақтар, ру-тайпалардың орналасу ерекшеліктері мен шаруашылық бейіні жөніндегі мәліметтер өңірдің ішкі тарихи логикасын ашуға қызмет етеді.

Мақаланың мақсаты – XIX ғасырдағы орыс зерттеушілерінің еңбектеріндегі Батыс Қазақстанның тарихи географиялық сипаттамаларын талдау арқылы олардың өңірлік тарихи танымды қалыптастырудағы маңызын айқындау. Осы мақсатқа жету үшін Батыс Қазақстанның әкімшілік-аумақтық ұйымдасуы, шаруашылық кеңістігі және жергілікті халықтың ру-тайпалық құрылымы туралы мәліметтер жүйеленіп қарастырылады. Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы, талдау, жинақтау және тарихи географиялық сипаттау әдістері басшылыққа алынды. Зерттеу нәтижесінде XIX ғасырдағы орыс зерттеушілерінің еңбектерінде Батыс Қазақстанның әкімшілік, шаруашылық және этноәлеуметтік қырлары өзара сабақтасқан тұтас тарихи кеңістік ретінде сипатталғаны анықталды.

XIX ғасырдағы орыс зерттеушілерінің еңбектерін осы қырынан қарастырудың маңызы олардың тек сипаттамалық материал қалдырғанында емес, өңірдің тарихи кеңістігін бірнеше деңгейде бейнелегенінде жатыр. Бұл еңбектерде Батыс Қазақстан табиғи орта ретінде ғана емес, сонымен бірге билік ықпалы таралған, көші-қон қозғалысы реттелген, шаруашылық бейімделу тетіктері қалыптасқан және этноәлеуметтік құрылым орныққан күрделі аймақ ретінде көрінеді. Сондықтан мұндай деректерді талдау өңір тарихын кеңістікпен сабақтастықта түсіндіруге мүмкіндік беретін маңызды ғылыми тәсілдердің бірі болып табылады.

XIX ғасырдағы орыс зерттеушілерінің еңбектерінде Батыс Қазақстанның тарихи географиясы, ең алдымен, әкімшілік тұрғыдан құрылымдалған және империялық билік ықпалына біртіндеп тартылған кеңістік ретінде пайымдалады. Егер XVIII ғасырдағы еңбектерде өңір туралы мәліметтер көбіне табиғи нысандарды бағдарлау, экспедициялық маршруттарды белгілеу және далалық бақылауларды тіркеу аясында берілсе, XIX ғасырда кеңістікке деген көзқарас түбегейлі өзгеріп, ол басқарылатын кеңістік, межеленетін аумақ және құқықтық-әкімшілік реттеуге түсетін өңір ретінде сипаттала бастады. Соған сәйкес

шекараларды нақтылау, ведомствоаралық межелерді белгілеу, шептік инфрақұрылымды орнықтыру, халықты есепке алу және алым-салық салу тәрізді тетіктер тарихи географиялық сипаттамалардың мазмұндық өзегіне айналды. Сондықтан бұл кезең деректері Батыс Қазақстанды тек табиғи орта аясында ғана емес, әлеуметтік-экономикалық қатынастар мен кеңістіктік ұйымдасу формалары тоғысқан күрделі тарихи өңір ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

А. И. Левшиннің «Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей» атты еңбегінде қазақ даласының шекаралары табиғи бағдарлар мен әскери-әкімшілік нүктелерді сабақтастыра сипаттау арқылы көрсетіледі. Автор солтүстік шепті бекіністер тізбегі мен өзен арналары арқылы айқындайды [1, 2–4 бб.]. Мұндай баяндау үлгісі Батыс Қазақстан кеңістігінің бастапқыда табиғи шептер мен әскери тірек желілері негізінде танылғанын аңғартады. Осы тұрғыдан алғанда, Левшин еңбегі өңірдің тарихи кеңістігінің қандай географиялық және әкімшілік белгілер арқылы түсіндірілгенін айқындайтын құнды дереккөз болып табылады. Мұнда шекара картографиялық сызық деңгейінде ғана көрінбей, кеңістікті реттеу мен игерудің бастапқы қағидаттарының бірі ретінде мән алады.

И. Ф. Бларамберг еңбектерінде бұл үрдіс анағұрлым жүйелі сипатқа ие болады. «Военно-статистическое обозрение Российской империи» жинағындағы «Оренбургская губерния» бөлімінде өңір бекіністер, форпосттар, қатынас жолдары және табиғи бағдарлар арқылы өзара байланысқан әскери-әкімшілік кеңістік түрінде берілген [2, 99 б.]. Бұл мәліметтер Батыс Қазақстанды табиғи-географиялық орта ретінде ғана емес, инфрақұрылымдық тіректер арқылы басқарылатын және бақылау жүйесіне енгізілген аймақ ретінде ұғынуға негіз қалайды. Соның нәтижесінде Бларамберг сипаттамалары шептік желі мен әкімшілік ұйымдасудың өңірдің тарихи географиялық келбетін қалыптастырудағы айқындаушы рөлін көрсетеді.

Л. Мейердің «Киргизская степь Оренбургского ведомства» атты еңбегі Батыс Қазақстандағы әкімшілік-аумақтық өзгерістердің нақты мазмұнын ашуда ерекше мәнге ие. Автор Жаңа линияның салынуына байланысты қазақтардан 4 млн 300 мың десятина жердің алынғанын көрсетеді [3, 10–11 бб.]. Бұл мәлімет әкімшілік межелеудің жай ғана картадағы түзету емес, өңірдің әлеуметтік және шаруашылық құрылымына тікелей ықпал еткен тарихи құбылыс болғанын дәлелдейді. Жер қорының қысқаруы жайылым мен су көздеріне қолжетімділікті шектеп, маусымдық көш жолдарының өзгеруіне, шеп бойындағы казак қоныстарымен жанасудың күшеюіне және жерді пайдалану төңірегіндегі қайшылықтардың тереңдеуіне алып келді [3, 10–11 бб.]. Осыған байланысты әкімшілік шекаралар Батыс Қазақстанның тарихи географиясында шаруашылық кеңістікті қайта ұйымдастыратын фактор ретінде көрініс табады.

Мейер еңбегінде қазақ даласының Орынбор ведомствосына қарасты аумағын Батыс, Орта және Шығыс бөліктерге бөлуге қатысты мәліметтер де маңызды орын алады [3, 11–12 бб.]. Мұндай ішкі әкімшілік бөліністердің мақсаты кеңістікті тиімдірек басқару, халықты жүйелі түрде есепке алу және империялық бақылауды күшейту болғаны аңғарылады. Н. И. Красовскийдің Аман-Қарағай приказының ашылуы мен арғындардың бір бөлігінің Сібір ведомствосына өтуі туралы мәліметтері ведомствоаралық межелеудің нақты әлеуметтік-әкімшілік салдарын айқын көрсетеді [4, 105 б.]. Осы деректерді талдау XIX ғасырдағы орыс зерттеушілерінің еңбектерінде Батыс Қазақстанның тек рулық қоныстану кеңістігі ретінде емес, әртүрлі басқару тәртіптері мен ықпал аймақтары қиылысқан әкімшілік өңір ретінде бейнеленгенін көрсетеді.

XIX ғасырдың екінші ширегінде орныққан дистанциялар жүйесі де кеңістікті ұсақ басқару бірліктеріне жіктеу арқылы әкімшілік бақылауды тереңдетудің маңызды құралына айналды. Бұл жүйе халық санағын жүргізуге, алым-салық жинауға және көші-қон қозғалысын реттеуге бағытталды. И. Казанцев дистанциялар санының 54-ке жеткенін көрсетеді [5, 62 б.]. Мұндай басқару құрылымы көшпелі қоғамның дәстүрлі кеңістікпен байланысын әлсіретіп, оны империялық әкімшілік механизмдерге тәуелді етудің нақты тәсілі болды. В. В. Григорьев дистанциялар аумақтарының біркелкі бөлінбегенін және

олардың кеңістіктік тұтастығы сақтала бермегенін атап өтеді [6]. Бұл жағдай өңір кеңістігінің жоғарыдан жобаланған басқару үлгісіне бағындырылғанымен, іс жүзінде көптеген қайшылықтар мен сәйкессіздіктер туғызғанын аңғартады.

Бөкей Ордасының мысалы Батыс Қазақстандағы әкімшілік-аумақтық құрылымның аймақтық ерекшеліктерін тереңірек ашып көрсетеді. Ішкі Орда аумағының құқықтық тұрғыдан шектелуі, жер пайдалану тәртібінің нақты регламенттелуі және жайылымдық қорлардың әкімшілік шекаралармен сабақтастырыла қарастырылуы бұл өңірде билік пен шаруашылықтың өзара тығыз байланыста болғанын дәлелдейді [7, 3 б.]. П. Небольсин еңбегіндегі хандық орталықтың қалыптасуына қатысты мәліметтер де Ішкі Орданың әкімшілік орталықтандыру үдерісіне тартылғанын айғақтайды [8]. Соның нәтижесінде Батыс Қазақстан кеңістігі әртүрлі құқықтық режимдер, басқару тәжірибелері және шаруашылық мүмкіндіктер қатар әрекет еткен күрделі тарихи аймақ ретінде көрінеді.

Осы материалдардың жиынтығы Батыс Қазақстан кеңістігінің XIX ғасырда біртекті аумақ болмағанын көрсетеді. Оның әр бөлігінде әкімшілік бақылау деңгейі, құқықтық тәртіп сипаты, шептік инфрақұрылымның тығыздығы және жер пайдалану режимі әртүрлі болды. Мұндай айырмашылықтар өңірдің тарихи географиясын түсіндіруде ерекше маңызды, өйткені олар кеңістіктің тек картадағы шекаралармен емес, нақты басқару тәжірибесімен, қозғалыс еркіндігімен және ресурстарға қолжетімділік деңгейімен айқындалғанын аңғартады.

Осылайша, XIX ғасырдағы орыс зерттеушілерінің еңбектерінде Батыс Қазақстанның тарихи географиясы табиғи орта, шептік инфрақұрылым, әкімшілік межелер және шаруашылық кеңістік өзара сабақтасқан тұтас өңірлік жүйе ретінде сипатталады. Бұл еңбектердегі әкімшілік-аумақтық бөлініске қатысты мәліметтер өңірдің кеңістіктік ұйымдасуын, әлеуметтік-экономикалық өзгерістерін және империялық басқару тетіктерінің жергілікті ортаға тигізген ықпалын тереңірек пайымдауға мүмкіндік береді. Сол себепті олар Батыс Қазақстанның өңірлік тарихи танымын қалыптастыруда айрықша маңызға ие деректік негіздердің бірі болып табылады.

XIX ғасырдағы орыс зерттеушілерінің еңбектерінде Батыс Қазақстан тұрғындарының шаруашылық өмірі табиғи ортаға бейімделген кеңістіктік жүйе ретінде сипатталады. Бұл еңбектерде шаруашылық тек кәсіп түрлерінің жиынтығы ретінде емес, маусымдық көші-қон, жайылым мен суаттардың орналасуы, қыстау мен жайлау кеңістігінің ерекшеліктері, сондай-ақ ресурстарды пайдаланудың құқықтық тәртібімен сабақтастықта қарастырылады [3], [7]. Осыған байланысты өңірдің тарихи географиясын түсіндіруде шаруашылық кеңістігі негізгі ұғымдардың біріне айналады.

Л. Мейер мен И. Ф. Бларамберг еңбектері көшпелі шаруашылықтың кеңістіктік ұйымдасуын ашатын негізгі дереккөздер болып табылады. Олардың мәліметтерінде көшу бағыттары мен ұзақтығы, қыстау орындары, мал түлігінің таралуы және маусымдық шаруашылық ырғағы өзара байланыста көрсетілген [3], [7]. Орынбор ведомствосы қазақтарында көшпелі мал шаруашылығы басым болып, оның негізін жыл бойғы табиғи тебінге сүйенген мал бағу жүйесі құрады [3, 133 б.]. Бларамберг жекелеген ру топтарының көш жолдары өте ауқымды болғанын, кей жағдайда бірнеше мың шақырымға дейін созылғанын көрсетеді [7]. Бұл көші-қон бағыттары өзен аңғарлары, құмды алқаптар мен маусымдық жайылымдарға қолайлы өңірлерге тәуелді қалыптасты.

Көш ауқымы барлық топтарда бірдей болмаған. Әлеуметтік жағдайға қарай бір рудың өз ішінде де көшу мүмкіндігі әртүрлі болды. Бларамбергтің көрсетуінше, кедей топтардың бір бөлігі Сырдария маңынан ұзай алмай, егіншілікпен айналысса, ауқатты аулдар шалғай аймақтарға дейін көшкен [7, 93 б.]. Бұл шаруашылық кеңістіктің әлеуметтік жіктелумен тікелей байланысты болғанын көрсетеді.

Қыстау кеңістігі де шаруашылық жүйенің маңызды тірегі болды. Бларамберг қазақтардың қыстау орындарын қар аз түсетін, ықтасын, қамысты, өзен-көлге жақын жерлерден таңдағанын жазады [7, 93–94 бб.]. Ол Жайық бойын, Сырдария мен Арал маңын, Каспий жағалауы мен Тайсойғанды, сондай-ақ Ұлытау төңірегін негізгі қыстау аймақтары

ретінде сипаттайды [7, 93–94 бб.]. Бұл мәліметтер қыстау кеңістігінің тек тұрақ емес, малды сақтап қалуға қажетті қорек пен су шоғырланған шаруашылық ортасы болғанын аңғартады.

Мал түлігінің құрылымы да табиғи ортаға бейімделудің көрінісі болды. Қой негізгі шаруашылық тірегіне айналып, ет, сүт, жүн және айырбас құны тұрғысынан маңызды рөл атқарды [7, 100 б.]. Жылқы қозғалыс ресурсы болса, түйе ұзақ көштің көлік негізін құрады [7]. А. Е. Алекторов қазақ шаруашылығында қой мен түйенің практикалық маңызы зор болғанын, ал жылқының мобильділік пен тұрмыстық бедел тұрғысынан ерекше мәнге ие екенін көрсетеді [9, 13, 16 бб.]. Сонымен бірге ол тебіндеу тәртібін нақтылап, қыстау таңдаудың қорек, отын және жайылым жағдайымен тығыз байланысты болғанын түсіндіреді [9, 26–27 бб.].

Батыс Қазақстанда егіншілік те болғанымен, ол аймақ бойынша біркелкі таралмаған. Мейер Елек, Ойыл, Ырғыз, Ембі және әсіресе Сырдария мен Қуандария бойында егіншілік ошақтарының болғанын көрсетеді [3]. Бұл өңірлерде егіншілік су жүйелерімен тығыз байланыста дамыды. Венюков мәліметтері мұндай егіншіліктің өнімділігі мен агротехникалық ерекшеліктерін нақтылай түседі [10, 191 б.]. Осыдан егіншіліктің көшпелі шаруашылықты толық алмастырмағаны, бірақ табиғи және әлеуметтік жағдайларға бейімделудің жергілікті түрі ретінде қалыптасқаны байқалады.

Балықшылық пен өзге қосалқы кәсіптер де шаруашылық кеңістіктің маңызды құрамдас бөлігі болды. Мейер кей өңірлерде балықтың кедей топтар үшін негізгі азық көздерінің біріне айналғанын атап өтеді [3, 155–156 бб.]. Алайда мұндай ресурстарды пайдалану әрдайым еркін болмаған, олар құқықтық және әкімшілік шектеулермен реттеліп отырған [3], [7]. И. Казанцев те табиғи қордың мол болуы оны шаруашылықта бірдей пайдалану дегенді білдірмейтінін көрсетеді [5, 68 б.].

Ф. А. Щербина экспедициясының Ақтөбе уезіне қатысты материалдары жергілікті деңгейдегі шаруашылық кеңістіктің нақты ұйымдасуын айқындайды. Бұл деректерде жайылымның жеткіліктілігі, көшу радиусының қысқалығы, қауым ішіндегі жайылым пайдалану еркіндігі және егіншіліктің біртіндеп орнығуы көрсетілген [11, 25–27 бб.]. Ақтөбе уезінде жайылымның мол болуы алыс көштің қажеттілігін әлсіретіп, шағын радиуста шоғырланған шаруашылық үлгінің қалыптасуына жағдай жасады [11, 17 б.]. Сонымен бірге мал шаруашылығы мен егіншіліктің қатар дамуы шаруашылық құрылымның күрделене бастағанын байқатады [11, 33–34 бб.].

Шаруашылыққа қатысты бұл деректер Батыс Қазақстан тұрғындарының табиғи ортаға тек бейімделіп қана қоймағанын, сонымен бірге оны тарихи тәжірибе арқылы игергенін көрсетеді. Жайылымдық кеңістікті маусымға қарай пайдалану, суат пен қыстау орындарын таңдаудағы ұқыптылық, егіншілік ошақтарының гидрографиялық тораптармен байланысы және қосалқы кәсіптердің жергілікті жағдайға қарай дамуы өңір шаруашылығының ішкі икемділігін аңғартады. Осы себепті Батыс Қазақстанның шаруашылық кеңістігі тұрақты емес, табиғи жағдай мен әлеуметтік қажеттілікке қарай үнемі қайта құрылып отырған тарихи кеңістік ретінде бағалануы тиіс.

Демек, XIX ғасырдағы тарихи географиялық еңбектерде Батыс Қазақстанның шаруашылық кеңістігі маусымдық көші-қон, жайылым мен суат жүйесі, мал түлігінің қызметтік құрылымы, егіншілік ошақтары және қосалқы кәсіптер арқылы сипатталады. Бұл деректер өңір шаруашылығын жеке кәсіп түрлерінің жиынтығы ретінде емес, табиғи орта, қозғалыс тәртібі және ресурстарға қолжетімділік тоғысқан күрделі тарихи кеңістік ретінде тануға мүмкіндік береді.

XIX ғасырдағы орыс зерттеушілерінің еңбектерінде Батыс Қазақстандағы жергілікті халықтың ру-тайпалық құрылымы этникалық құрамды жай ғана атау немесе тізімдеу түрінде емес, өңірлік кеңістікті ұйымдастырудың, маусымдық көші-қон қозғалысын реттеудің және ішкі әлеуметтік қатынастарды қалыптастырудың маңызды тетігі ретінде түсіндіріледі. Зерттеушілер Кіші жүз қазақтарының үш ірі бірлестікке, яғни Әлімұлы, Байұлы және Жетіруға жіктелуін олардың шығу тегі жөніндегі шежірелік түсініктермен ғана байланыстырмай, нақты қоныстану кеңістігімен, маусымдық көшу ауқымымен және

билік қатынастарының құрылымымен сабақтастыра қарастырады [1], [3], [7]. Осыған байланысты ру-тайпалық жүйе Батыс Қазақстанның тарихи географиясында генеалогиялық жіктелістен гөрі кеңірек мазмұнға ие болып, әлеуметтік кеңістікті ұйымдастырушы құрылым ретінде көрінеді.

А. И. Левшин Кіші жүздің ішкі құрамын жүйелей отырып, әрбір ірі бірлестіктің белгілі бір табиғи-географиялық ортада орныққанын және олардың көші-қон бағыттарының өзен аңғарлары, құм алқаптары, шеп маңы өңірлері мен ішкі дала кеңістіктерімен тығыз байланысты болғанын көрсетеді [1, 6–16 бб.]. Оның сипаттамаларында Әлімұлы қауымдары Сырдария, Қуандария, Ембі, Ырғыз, Ойыл, Ілек және Мұғалжар төңірегіндегі аумақтармен, Байұлы бірлестігі Жайық, Ембі, Каспий маңы, Маңғыстау және Сыр бойы кеңістіктерімен, ал Жетіру рулары Жайық өңірі, Торғай алабы, Сырдария маңы және шекаралық белдеулермен байланыста беріледі [1, 13–16 бб.]. Бұл мәліметтер ру-тайпалық құрамның тарихи географиялық мазмұны оның табиғи ортаға бейімделген қоныстану жүйесі арқылы ашылатынын дәлелдейді.

Л. Мейер мен И. Ф. Бларамберг еңбектерінде аталған құрылым неғұрлым нақты сипатқа ие болады. Бұл авторлар Кіші жүздің ішкі жіктелісін тарихи шежіре тұрғысынан түсіндіре отырып, оның қоғамдық-саяси иерархиясын, кеңістіктік таралу шеңберін және руаралық айырмашылықтарын да назардан тыс қалдырмайды [3, 3–4 бб.], [7]. Әсіресе Әлімұлының аға тармақ ретіндегі орны, ру жүйесінің билік жүргізу тәжірибесімен, құқықтық беделмен және ұран-таңба тәрізді танымдық белгілермен сабақтастығы бұл құрылымның тек туыстық негізге сүйенбегенін, сонымен бірге қоғамдық реттеу функциясын да атқарғанын көрсетеді [7]. Мұндай деректер Кіші жүздің ру-тайпалық құрылымы Батыс Қазақстан кеңістігінде қоныстану тәртібін ғана емес, ішкі қатынастар жүйесін де айқындағанын аңғартады.

И. Казанцев мәліметтері бұл жүйенің ХІХ ғасырдағы әкімшілік өзгерістер жағдайында да өз маңызын толық жоғалтпағанын көрсетеді. Автор хандық билік жойылып, Батыс және Орта бөліктер тәрізді жаңа әкімшілік құрылымдар қалыптасқаннан кейін де Кіші жүздің дәстүрлі ру-тайпалық жүйесі сақталып, тек жаңа басқару кеңістігіне бейімделгенін жазады [5]. Демек, ру-тайпалық құрылым әкімшілік реформалардан кейін ыдырап кеткен жүйе емес, қайта өзгерген саяси жағдайда да әлеуметтік ұйымдасудың тұрақты тетігі қызметін атқарған.

Бөкей Ордасы жағдайында бұл үдеріс жаңа сипатта көрінеді. Казанцев пен Харузин еңбектерінде Ішкі Орда құрамына Кіші жүздің негізгі рулық топтарымен қатар сұлтан, қожа, төлеңгіт, ноғай сияқты әлеуметтік және этникалық элементтердің енгені көрсетіледі [5], [12]. Бұл деректер Бөкей Ордасында ру-тайпалық жүйенің жойылмағанын, бірақ жаңа әкімшілік ортаға сәйкес ішінара қайта құрылып, күрделене түскенін дәлелдейді. Сонымен бірге таңба жүйесінің сақталуы мен кейбір руларда оның өзгеріске ұшырауы ру құрылымының бір мезгілде әрі дәстүрлі, әрі өзгермелі сипатқа ие болғанын байқатады [12].

Сонымен, ХІХ ғасырдағы тарихи географиялық еңбектер Батыс Қазақстан қазақтарының ру-тайпалық құрылымын этникалық жіктеліс шеңберінде ғана емес, кеңістікті игеру, көші-қон бағыттарын ұйымдастыру және қоғамдық қатынастарды реттеу тетігі ретінде көрсетеді. Осы себепті бұл деректер өңір халқының ішкі құрылымын тарихи географиялық кеңістікпен байланыста пайымдауға мүмкіндік беретін маңызды ғылыми негіздердің бірі болып табылады.

Ру-тайпалық құрылымға қатысты мәліметтердің ғылыми маңызы сол, олар Батыс Қазақстан халқының ішкі бөлінісін ғана емес, кеңістікті әлеуметтік тұрғыдан игеру тәртібін де ашып көрсетеді. Рулардың қоныстану шеңбері, маусымдық көшу бағыты, өзара орналасу реті және ішкі иерархиясы өңір кеңістігінің этноәлеуметтік картасын қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Сондықтан ру-тайпалық жүйе Батыс Қазақстанның тарихи географиясында этникалық құрам көрсеткіші ғана емес, тарихи кеңістікті ұйымдастырудың ұзақ уақыт бойы сақталған тетігі ретінде қарастырылады.

XIX ғасырдағы орыс зерттеушілерінің еңбектері Батыс Қазақстанның тарихи географиясын көпқырлы өңірлік жүйе ретінде тануға мүмкіндік береді. Бұл еңбектерде өңірдің кеңістіктік болмысы әкімшілік-аумақтық құрылым, шаруашылық кеңістік және жергілікті халықтың ру-тайпалық ұйымдасуы арқылы өзара сабақтастықта сипатталған. Әкімшілік межелер мен шептік құрылымдар Батыс Қазақстан аумағының империялық басқару жүйесіне тартылу сипатын көрсетсе, шаруашылыққа қатысты деректер табиғи ортаға бейімделген көшпелі және жартылай көшпелі өмір салтының кеңістіктік негіздерін айқындайды, ал ру-тайпалық құрылым жөніндегі мәліметтер өңір кеңістігінің әлеуметтік ұйымдасу тәртібін, көші-қон бағыттарын және ішкі иерархиялық қатынастарын түсіндіруге жол ашады.

Зерттеу барысында қарастырылған деректер Батыс Қазақстанның XIX ғасырдағы тарихи болмысын тек табиғи-географиялық орта аясында ғана емес, сонымен бірге билік қатынастары, шаруашылық бейімделу тетіктері және этноәлеуметтік құрылымдар тоғысқан тұтас кеңістік ретінде пайымдауға мүмкіндік беретінін көрсетті. Осы тұрғыдан алғанда, орыс зерттеушілерінің еңбектерінде өңірдің шекаралық сипаты, ішкі аумақтық ұйымдасуы, маусымдық көші-қон қозғалысы, жайылымдық кеңістік, қыстау-жайлау жүйесі және ру-тайпалық орналасу ерекшеліктері өзара байланыста беріліп, Батыс Қазақстанның тарихи географиялық келбетін неғұрлым тұтас қалпына келтіруге жағдай жасайды.

Осы тұрғыдан алғанда, XIX ғасырдағы орыс зерттеушілерінің еңбектері Батыс Қазақстанның өткенін жекелеген тарихи фактілер жиынтығы ретінде емес, кеңістік, табиғи орта, шаруашылық және қоғамдық құрылым бірлігі аясында қарастыруға мүмкіндік беретін маңызды дереккөздер болып табылады. Жүргізілген талдау бұл еңбектердің Батыс Қазақстанның тарихи географиялық болмысын реконструкциялауда және өңірлік тарихи танымды тереңдетуде маңызды дереккөздік негіз қызметін атқаратынын көрсетті. Сонымен бірге бұл материалдар өңір тарихын кеңістіктік тұрғыдан зерделеудің ғылыми мүмкіндігін кеңейтіп, Батыс Қазақстанның тарихи дамуын аймақтық ерекшеліктерімен сабақтастықта түсіндіруге негіз болады.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Левшин А. И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. Ч. 1. – СПб., 1832. – 264 с.
2. Бларамберг И. Ф. Оренбургская губерния // Военно-статистическое обозрение Российской империи. Т. 14, ч. 2. – СПб., 1848. – 119 с.
3. Мейер Л. Киргизская степь Оренбургского ведомства // Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами Генерального штаба. – СПб., 1865. – 288 с.
4. Красовский Н. И. Область сибирских казахов // Материалы для географии и статистики России. Т. 16, ч. 1. – СПб., 1868. – 428 с.
5. Казанцев И. Описание киргиз-кайсаков. – СПб., 1867. – 231 с.
6. Григорьев В. В. Русская политика в отношении к Средней Азии : ист. очерк. – СПб. : Тип. В. Безобразова и К°, 1874. – 30 с.
7. Бларамберг И. Ф. Земли киргиз-кайсаков Внутренней (Букеевской) и Зауральской (Малой) орды Оренбургского ведомства // Военно-статистическое обозрение Российской империи. Т. 14, ч. 3. – СПб., 1848. – 187 с.
8. Небольсин П. Очерки Волжского низовья. – СПб., 1832. – 123 с.
9. Алекторов А. Е. Тургайская область : естественные и производительные силы области, хозяйственная деятельность её населения и народное образование : статистические очерки. – Оренбург, 1891. – 116 с.
10. Венюков М. Опыт обозрения русских границ в Азии. – СПб., 1873. – 487 с.
11. Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. Т. 7 : Тургайская область, Актюбинский уезд. – Воронеж : Типо-лит. В. И. Исаева, 1903. – 576 с.

12. Харузин А. Н. Киргизы Букеевской орды : антрополого-этнологический очерк. Вып. 1. – М. : Типография А. Левинсон и К., 1889. – 586 с.